

№4 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасының ерекше топ балаларымен атқарылған жұмыстарының

Анықтамасы

№4 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасының 2025-2026 оқу жылының жоспарына сәйкес ерекше топ балаларымен және де ата аналарымен де жұмыс түрлері атқарылуда.

Баланың жас ерекшелігіне сай таным процесстерінің дамуына пайдалы жаттығудың түрлері орындалып жатуда. Атқарылған жұмыс түрлері төмендегідей: Топтарға келген балаларды сабақтарына қатысып, сырттай бақылау жұмыстарын жүргізу. Мақсаты: Баланың өзге балалармен қарым-қатынасын, бейімделуін қадағалау.

- Жіп бойына моншақтарды тізбектеу арқылы түстермен жұмыс жасату және де бала бойына тыныштық қалыптастыра білу;
- Конструкторлармен жұмыс жасату;
- Суреттерді бояу;
- Саусақ қимылдарының дамуына пайдалы және де сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында табиғи материалдармен жұмыс түрі (қыстырғыш, мақта, бояу түрлері)
- Доптың түрлерімен жаттығу түрлері (тікенді доптар саусақтарына, қолдарына жаттығу жасау)
- Құм терапиясы
- Сүтке, тасқа, жапыраққа сурет салу;
- Жапырақпен, мақтамен, шармен тыныс жолдарына пайдалы үрлеу жаттығуларын орындату;
- Конструкторлармен жұмыс жасату;
- Суреттерді бояу;
- Машиналармен, қуыршақтармен ойнату арқылы ойыншықтың күтім жолдарын да қысқаша таныстыру;

Сондай жұмыс түрлерінің тағы да басқа сенсорикалық және де моторикалық жұмыс түрлерінен атқарып, баланың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында және де саусақтарын қимылдатып, жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырып, таным процесстерін арттыруға үлкен себепші жұмыс түрлерінің бірі болып саналады ойын арқылы.

Ата аналармен де жұмыс жоспарын жиналыс кезінде таныстыра отырып, балаларымен атқарылып жатқан жұмыс түрлерінің бір шетімен мастер класс ретінде олармен де атқарып таныстыру және де баланың орнына өздерін елестете отырып, бала жасаған жұмысты жасату арқылы ата ананың санасына бала үшін ата анасымен бірігіп жұмыстанудың қаншалықты маңызды әрі қызықты екенін жеткізе білу. Баланың өміріндегі маңызды роль атқаратын ата ана екенін де осы ойын арқылы ой түйгізе білу және де балабақшамен бірігіп жұмыстану керектігін, қолдаудың ата ана тарапынан қаншалықты маңызды екенін де жеткізе білу.

Әр бала анасы үшін жарық жұлдыз, аманат екенін тренинг кезінде ойын арқылы жеткізе білу. Бала-Ана-Педагог үш қауымның бірігуі арқылы Ел азаматын тәрбиелеу ең басты мақсат екенін жеткізе білу тренинг соңында.

Қорытынды: Ата аналармен де, балалармен де жұмыс түрлері ойдағыдай, қызығушылықпен атқарылды әлі де атқарылады деген сеніммен аяқталды.

Қызығушылық, сенім, алға деген ұмтылысты арттыру тренинг қорытындысы.

Педагог-Психолог: Сарсенбаева. Г. З.

